

**Атырау облысының Мақат және Доссор кенттеріндегі құрылыс-қалпына келтіру жұмыстарының көлемін бағалау және табиғи апаттың зардаптарын жою жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 қыркүйектегі N 909 Қаулысы

2005 жылғы 1 қыркүйекте қатты жауын-шашын мен дауылға ұшыраған Атырау облысының Мақат және Доссор кенттеріндегі құрылыс-қалпына келтіру жұмыстарының көлемін бағалау және табиғи апаттың зардаптарын жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облысының Мақат және Доссор кенттеріндегі құрылыс-қалпына келтіру жұмыстарының көлемін бағалау және табиғи апаттың зардаптарын жою жөнінде ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Комиссия құрамы бекітілсін.

3. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі болып белгіленсін.

4. Комиссия ағымдағы жылғы 11 қыркүйектен бастап тікелей апат болған жерде жұмысқа кіріссін және 2005 жылғы 19 қыркүйекте құрылыс-қалпына келтіру жұмыстарының көлемі мен бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныстар берсін.

5. Комиссия күзгі-қысқы суықтар түскенге дейін зардап шеккен халықты тұрғын үймен барынша қамтамасыз етуді ескере отырып, апат аймағындағы құрылыс-қалпына келтіру жұмыстарын бақылауды және үйлестіруді тұрақты негізде жүргізсін.

6. Төтенше жағдайлар, Энергетика және минералдық ресурстар, Ауыл шаруашылығы, Индустрия және сауда министрліктері, "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "ҚазМұнайГаз" ҰМК" АҚ (келісім бойынша) және "КЕГОК" ААҚ (келісім бойынша) алдын ала жұмыстарды ұйымдастыру үшін ағымдағы жылғы 9 қыркүйектен бастап өздерінің өкілдерін Атырау облысының Мақат ауданына жіберсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      1 0                      қ ы р к ү й е к т е г і

№      9 0 9                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Атырау облысының Мақат және Доссор кенттеріндегі  
құрылыс-қалпына келтіру жұмыстарының көлемін бағалау және  
табиғи апаттың зардаптарын жою жөніндегі ведомствоаралық  
комиссияның құрамы**

|                     |  |
|---------------------|--|
| Құлмаханов          | - Қазақстан Республикасының Төтенше      |
| Шалбай Құлмаханұлы  | жағдайлар министрі, төраға               |
| Супрун              | - Атырау облысы әкімінің бірінші         |
| Виктор Васильевич   | орынбасары, төрағаның орынбасары         |
| Хайдаров            | - Қазақстан Республикасы Индустрия және  |
| Жеңіс Хайдарұлы     | сауда министрлігінің Құрылыс және        |
|                     | тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық         |
|                     | істері комитеті төрағасының орынбасары,  |
|                     | хатшы                                    |
| Коржова             | - Қазақстан Республикасының Экономика    |
| Наталья Артемовна   | және бюджеттік жоспарлау вице-министрі   |
| Атшабаров           | - Қазақстан Республикасы Ауыл            |
| Нұрлан Бақытжанұлы  | шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары |
|                     | комитеті төрағасының орынбасары          |
| Исаев               | - Қазақстан Республикасы Энергетика      |
| Мұсабек Исаұлы      | және минералдық ресурстар министрлігі    |
|                     | Мұнай өнеркәсібі департаментінің         |
|                     | директоры                                |
| Батырбаев           | - "ҚазМұнайГаз" ҰМК" АҚ-тың вице-        |
| Махамбет Демешұлы   | президенті (келісім бойынша)             |
| Сәмбетов            | - "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ-тың      |
| Қалтай Сәмбетұлы    | бірінші вице-президенті (келісім         |
|                     | бойынша)                                 |
| Тұрғанов            | - "КЕГОК" ААҚ-тың вице-президенті        |
| Дүйсенбай Нұрбайұлы | (келісім бойынша)                        |